

**Қуаты 5 000 кВт астам, бірақ 50 000 кВт аспайтын газ турбиналарының жекелеген түрлеріне қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу баждарының ставкаларын белгілеу туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 3 сәуірдегі № 44 шешімі 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 42 және 45-баптарына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **пешті**:

1. Қосымшаға сәйкес жиынтықты газ айдайтын агрегаттар құрамында пайдалануға арналған және ЕАЭО СЭҚ ТН 8411 82 200 1 және 8411 82 600 1 кодтарымен сыныпталатын, қуаты 5 000 кВт астам, бірақ 50 000 кВт аспайтын газ турбиналарының жекелеген түрлеріне қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің (Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 54 шешіміне қосымша) кедендік әкелу баждарының ставкалары белгіленсін.

2. Осы Шешім 2020 жылғы 1 желтоқсаннан бастап, бірақ ерте дегенде ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы*

*Т. Саркисян*

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2018 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 44 шешіміне  
ҚОСЫМША

**Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу баждарының СТАВКАЛАРЫ**

СЭҚ ТН коды	Позицияның атауы	Кедендік әкелу бажының ставкасы (кедендік құннан пайызбен не еуромен, не АҚШ долларымен)
8411 82 200 1	----- жиынтықты газ айдайтын агрегаттар құрамында пайдалану үшін	5
8411 82 600 1	----- жиынтықты газ айдайтын агрегаттар құрамында пайдалану үшін	3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК